

**Абдирова Тамара Муталимовнаның**  
**философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге «Гериятриядағы отбасы**  
**мен қоғам деңгейінде интеграцияланған паллиативті көмек»**  
**тақырыбы бойынша диссертация жұмысына**  
**АҢДАТПА**

Мәселенің өзектілігі Қазақстандағы демографиялық ахуалдың «қартаюға» өзгеруімен байланысты, ғалымдардың болжамы бойынша мұндай халық санының одан әрі өсу серпіні орын алады [1].

ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен ҚР Экономикалық зерттеулер институтының талдау есебінің деректері бойынша 2030 жылы халықтың жалпы санынан зейнеткерлік жастағы адамдардың үлесі 14%-ға дейін ұлғаятын болады, демек, демографиялық жүктеме коэффициентінің ұлғаюы әлеуметтік саясатты түзетуді талап етеді [2].

«Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі әлеуметтік даму тұжырымдамасында» халықтың қартаюы демографиялық сын-тегеурін болып саналады, оны «өзінің әлеуметтік бағытын анықтау» кезінде ескеру қажет [3], өйткені егде жастағы халық үлесінің ұлғаюы паллиативтік көмекке және ауыр созылмалы аурулары, когнитивті және басқа да қосалқы аурулары бар қарт пациенттерге ұзақ мерзімді күтім жасауға қажеттіліктің өсуіне әкеледі [4].

Дүниежүзілік Банктің талдау материалдарына сәйкес, жақын арадағы 15 жылда ПҚ-ке қажеттіліктің 20% - ға артуы күтілуде, ал пациенттер үшін стационарлық ПҚ-ке қажеттілік 1 миллион тұрғынға 100 төсекке дейін өседі, сондай-ақ үйде көрсетілетін ПҚ-ке қажеттілікте артады [5], өйткені егде жастағы адамдардың көпшілігі бұл көмекті үйде алуды қалайды.

Әлеуметтік және медициналық көмекке қол жетімділікке деген конституциялық кепілдікке қарамастан [6], олар барлық қарт адамдар үшін қол жетімді емес және олардың қажеттіліктеріне жауап бермейді, үйде күтім жасау бойынша ұзақ мерзімді көмек көрсетудің тиімді жүйесі жоқ [7], Қазақстандағы ПҚ мекемелері желісінің жеткіліксіз дамуы және олардың материалдық-техникалық базасы халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді; ПҚ мобильді бригадаларының жетіспеушілігі, олардың жұмысы негізінен онкопатологиясы бар пациенттерге бағытталған [8]; әлеуметтік жүйе мен денсаулық сақтаудың жеткіліксіз интеграциясы, ПҚ кешенділігі мен қолжетімділігі қағидаты қамтамасыз етілмейді [9-10].

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, гериятриялық тәжірибеде паллиативті көмек медициналық, әлеуметтік, психологиялық компоненттерді қамтитын медициналық-әлеуметтік көмектің маңызды бөлігі болып табылады [11].

European Association for Palliative Care ұсыныстарына сәйкес, паллиативті көмек симптомдар бақылауға келмейтін дәрежеге дейін, қажеттіліктердің пайда болуына қарай көрсетілуі тиіс, ол мамандандырылған мобильді бригадалардың немесе хоспистердің ерекше басымдығы ғана болмауы керек, өйткені гериятриялық тәжірибедегі паллиативті көмектің

ерекшелігі өршу және декомпенсация кезеңдерімен прогрессивті созылмалы полиморбидті жағдаймен байланысты, соның салдарынан науқастар көбінесе аурудың терминалды кезеңінде ғана емес, тұрақты паллиативті көмекке мұқтаж. Сондықтан, гериатриялық тәжірибеде паллиативті көмек көрсету онкологиялық тәжірибеде әдеттегідей ауруларды болжауға қарағанда пациенттің және оның жақындарының қажеттіліктеріне негізделуі керек [12-13].

Экономикалық дамыған елдердің табысты ғылыми және практикалық тәжірибесі – соматикалық неонкологиялық аурулары бар науқастар үшін нормативтік құжаттармен реттелетін әртүрлі мекемелердің өзара іс-әрекеттеріне негізделген, қызметтерді алушыларға да, қызмет көрсетушілерге де құқықтық қорғауды қамтамасыз ететін гериатриялық практикада кешенді ПК ұйымдастырудың әртүрлі модельдерін тиімді жұмыс істейтінін көрсетті. Бұл ретте пациентке ұзақ мерзімді күтімді жеке кәсіпкер немесе жалдамалы қызметкер жүзеге асырады [11, 14-22].

Қазақстанда паллиативтік көмек халыққа медициналық-әлеуметтік көмектің маңызды бөлігі ретінде енді ғана таныла бастады және халықтың демографиялық қартаюы жағдайында пациенттің және оның отбасының өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін қолжетімділік пен кешенділікті қамтамасыз ету үшін үйде көрсетілетін ПК-ті халықты әлеуметтік қамтамасыз ету және денсаулық сақтау жүйелеріне тиімді кіріктіре отырып, гериатриялық паллиативтік көмек саласындағы шараларды жетілдіруге деген қажеттілік бар [23].

Зерттеу жұмысы Алматы тұрғындарының мысалында егде жастағы адамдардың қажеттіліктерінің ерекшеліктерін ескере отырып, гериатриялық тәжірибеде паллиативтік көмекті ұйымдастыру моделін ғылыми негіздеуге және әзірлеуге бағытталған.

**Зерттеудің мақсаты:** Алматы қ. мысалында гериатриялық тәжірибедегі созылмалы инфекциялық емес аурулар кезінде интеграцияланған паллиативтік көмек моделін ғылыми негіздеу.

**Міндеттері:**

- созылмалы инфекциялық емес аурулар кезінде көрсетілетін гериатриялық паллиативтік көмектің халықаралық тәжірибесін және Қазақстан Республикасында зерделенетін проблема бойынша ағымдағы жағдайды талдау;

- Алматы қаласында тұратын егде жастағы адамдар арасында созылмалы инфекциялық емес аурулар кезіндегі медициналық-әлеуметтік проблемалар мен паллиативтік көмекке қажеттілікті зерттеу;

- Медициналық және психо-әлеуметтік көмекті қажет ететін созылмалы инфекциялық емес аурулары бар гериатриялық пациенттердегі неғұрлым маңызды жағдайларды анықтау;

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы, алғаш рет ұсынылды:**

- ҚР-да тұратын созылмалы жұқпалы емес аурулары бар қарт адамдарға және олардың паллиативтік көмекке деген қажеттіліктеріне кешенді талдау жүргізілді;

- созылмалы инфекциялық емес аурулары бар егде жастағы адамдардың медициналық-әлеуметтік проблемаларына талдау жүргізілді;

- амбулаториялық деңгейде гериатриялық паллиативті көмек көрсету үшін «Отбасы және қоғам деңгейінде гериатриялық интеграцияланған паллиативтік көмек» моделі әзірленді. Модель дәстүрлі стационарды алмастыратын тәсілден пациенттің жеке қажеттіліктерін бағалау негізінде паллиативтік көмекті ұйымдастырудың кешенділігімен және әлеуметтік қызмет пен денсаулық сақтаудың үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен өзара іс-әрекет кезінде көмек көрсетудің мультидисциплинарлық командалық нысанымен ерекшеленеді;

- алғаш рет БМСК (ҰОС ардагерлері қалалық емханасы) және МӘМ (Алматы қаласы әлеуметтік әл-ауқат басқармасының зейнеткерлік жастағы адамдарға арналған күндізгі болу орталығы) базасында «Отбасы және қоғам деңгейіндегі гериатриялық интеграцияланған паллиативтік көмек» моделі енгізілді және апробацияланды;

- үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер арасында онкологиялық емес паллиативтік көмекті гериатриялық тәжірибеде көрсету бойынша біріктірілген жұмыстың қағидаттары көрсетіліп, алгоритмі әзірленді..

- әзірленген модельге 17.09.2018 жылғы №2888 «Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік» алынды.

#### **Қорғауға шығарылатын ережелер:**

– Гериатриялық тәжірибедегі созылмалы инфекциялық емес аурулар кезінде көрсетілетін паллиативтік көмек пациенттің медициналық-әлеуметтік және паллиативтік медициналық көмекке жеке қажеттіліктерін кешенді бағалауға негізделеді.

– Гериатриялық тәжірибедегі созылмалы инфекциялық емес аурулар кезіндегі медициналық-әлеуметтік проблемалар мен паллиативтік көмекке қажеттіліктің ерекшеліктері денсаулық сақтау және әлеуметтік көмек қызметтері арасында паллиативтік көмекті біріктіруді талап ететін ұзақ мерзімділік пен кешенділіктен тұрады;

– ҮЕҰ – амбулаторлық деңгейде паллиативтік көмек көрсетуде сабақтастықты қамтамасыз ету үшін пациент пен түрлі қызметтер арасындағы байланыстырушы буын болып табылады.

**Диссертацияны апробациялау: Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері ұсынылып, талқыланды:**

а) «Еуразия кеңістігіндегі қарт адамдар: мүдделері, мәселелері және болашағы» атты Халықаралық ғылыми конференция (Алматы, 2018 жыл);

б) Мейірбике ісі бойынша I Халықаралық конференция (Нұр-сұлтан қ., 2018 жыл);

с) «Жас зерттеуші: сын-тегеуріндер мен перспективалар» атты CXVI халықаралық ғылыми-практикалық конференция (РФ, Мәскеу қ., 2019 жыл);

д) Паллиативті және хоспистік көмек бойынша III Ұлттық Конгресс (онлайн түрде) (Украина, Киев қ. 2020).

е) Украина геронтологтары мен гериатрларының VII ұлттық конгресі (Киев қ., 2021 жыл).

#### **Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар:**

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша 9 жұмыс жарияланды, оның ішінде 4 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, 2 мақала Scopus халықаралық деректер базасына кіретін журналдарда («Journal of Pharmaceutical Sciences and Research» және «Advances of gerontology»), 3 мақала халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында жарияланды, «Отбасы және қоғам деңгейіндегі гериатриядағы интеграцияланған паллиативтік көмек» авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы 1 куәлік алынды.

#### **Зерттеу нәтижелерін енгізу:**

– «Отбасы және қоғам деңгейіндегі гериатриялық интеграцияланған паллиативті көмек» атты авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы 17.09.2018 жылғы №2888 куәлік алынды.

– Зерттеу нәтижелері Алматы қалалық ҰОС ардагерлері емханасының жұмысына енгізілді. 16.10.2019 ж. «Отбасы және қоғам деңгейіндегі гериатриялық интеграцияланған паллиативтік көмек» моделіне ҒЗЖ нәтижелерін енгізу актісі ресімделді.

– Зерттеу нәтижелері Алматы қалалық ҰОС ардагерлері емханасының жұмысына енгізілді. 16.10.2019 ж. «Гериатриялық тәжірибеде мультидисциплинарлық команданы даярлаудың өзекті мәселелері бойынша оқыту семинары» ҒЗЖ нәтижелерін енгізу актісі ресімделді.

– Зерттеу нәтижелері «Kumis Khasyr» қоғамдық қорының жұмысына енгізілді. 01.11.2018 ж. «Гериатриялық тәжірибеде мультидисциплинарлық команданы даярлаудың өзекті мәселелері бойынша оқыту семинары» ҒЗЖ нәтижелерін енгізу актісі ресімделді.

– Зерттеу нәтижелері «Алматы жас дәрігерлер қауымдастығы» қоғамдық ұйымының жұмысына енгізілді. 21.10.2019 ж. «Гериатриялық тәжірибеде мультидисциплинарлық команданы даярлаудың өзекті мәселелері бойынша оқыту семинары» ҒЗЖ нәтижелерін енгізу актісі ресімделді.

– Зерттеу материалдары Алматының аға буынды қолдау жөніндегі «Белсенді ұзақ өмір» жол картасын жүзеге асыруда пайдаланылды.

#### **Автордың жеке үлесі:**

Мәселелерді шешуге арналған зерттеу бағдарламасы, материалды талдау, ғылыми бағалау, диссертацияның, қорытындылардың, тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстардың негізгі ережелерін қалыптастыру және тұжырымдау, үлгіні әзірлеу, зерттеудің кейбір нәтижелерін тәжірибеге енгізу.

#### **ҒЗЖ мен байланыс:**

Жұмыс С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің «Қарт адамдарға үйде кешенді медициналық-әлеуметтік көмек моделін құру технологиясын әзірлеу» ғылыми-зерттеу жұмысы

аясында орындалды, 2016 жыл, мемлекеттік тіркеу № 0116РК00204.

**Диссертацияның көлемі мен құрылымы:**

Жұмыс 111 бетте баяндалған, кіріспеден, зерделенетін мәселе бойынша шолудан, 3 бөлімнен, тұжырымдардан, қорытындыдан, тәжірибелік ұсынымдардан, пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалар тізімінен тұрады. Жұмыс 23 кестемен, 16 суретпен көрнекіленген. Әдебиеттер тізімі 163 отандық және шетелдік дереккөздерден тұрады.